

2025-2026 оқу жылындағы педагог-психологтың жылдық есебі.

Психологиялық-педагогикалық қызметінің мақсаты: оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету.

Міндеттері: оқушының тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетін қалыптастыру; психологиялық диагностиканы жүргізу және шығармашылық қабілетінің ашылып, оқу-білімге деген оңтайлы көзқарасының қалыптасуына, кәсіби бағдар беруді жүйелі ұйымдастыру; психологиялық қиыншылықтар мен проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру; білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау; педагогикалық, әлеуметтік психологиялық мәселелерді шешуде және оқу-тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін таңдауда ата-аналар мен педагогтерге кеңестік көмек көрсету.

Психологиялық-педагогикалық жұмыстың негізгі бағыттары:

- психодиагностика (жеке тұлғаның ерекшелігін, танымдық әрекетінің ерекшелігін, ішкі келіспеушіліктің мазмұнын зерттеу);
- психологиялық түзету, дамыту (сынып сағаттары, тренинг, психологиялық сабақтар);
- психологиялық алдын-алу (психодиагностикалық зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша педагогикалық кеңес, ата-ана жиналысында алдын алу ақпараттар, семинар, іс-шаралар өткізу);
- психологиялық ағарту және кеңес беру (мұғалімдерге психологиялық-педагогикалық кеңес беру; ата-аналарға оқушылардың білім және тәрбие алуына байланысты кеңес беру; оқушылардың арасында кездесетін келіспеушілік пен келіссөздерге дәнекер болу, психикалық және физикалық саулығын алдын алу дәріс беру, семинар өткізу)
- Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс;
- Жыл бойынша психологиялық қызмет туралы талдамалық есептер.

Оқушылар саны	Психологиялық көмекке жүгініп келгендердің саны	Өткізілген тренингтер саны (ата-ана, оқушылар, мұғалімдер)	Диагностика және тест саны
202 -оқушы 135-қыз 67-ұл	Мұғалім-6 Ата-ана -6 Оқушылар- 145	Мұғалім – 3 Ата-аналармен-5 Оқушылар-28 Оқушылармен -7 дәріс (Лекция)	Диагностика-6 Тест-4


2025-2026 оқу жылы келесідегі іс-шаралар жоспарға сәйкес орындалды:

Қыркүйек айында өткізілген іс-шаралардың нәтижесі:

7-сыныптармен оқушылар арасында өзара қолдауды, ынтымақтастықты және достықты нығайту мақсатында «Біз біргеміз» тақырыбында тренинг өткізілді



Ата-аналармен тиімді ынтымақтастық орнату мақсатында «Ата-ана мектеп ынтымақтастығы» тақырыбында тренинг өткізілді.



11 сыныптармен ішкі сенімді нығайты, өмірлік үмітті арттыру және мақсатқа жету жолындағы күш-жігерді дамыту мақсатында тренинг өткізілді.




Интернат тәрбиешілерімен бір-біріне деген сенімін арттыру, ұжымда жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру, кәсіби өзара әрекеттестікті дамыту мақсатында тренинг өткізілді.



7-сыныптармен мектепке бейімділігін анықтау мақсатында Лусканова диагностикасы алынды.

7 «а» сыныбында сауалнамаға 17 оқушылар қатысты. Нәтижесі бойынша 17 оқушы төмен деңгейді көрсетті. Оқушылар мектепке бейімделген, оқу жағдайында өзін сенімді сезінеді.




7 «ә» сыныбынан сауалнамаға 18 оқушы қатысты. Нәтижесі бойынша 17 оқушы төмен деңгейді 1 оқушы орташа деңгейді көрсетті. Оқушылар мектепке бейімделген, оқу жағдайында өзін сенімді екенін көрсетеді тек 1-оқушы ғана кейбір оқу жағдайларында (бағалау, жауап беру, бақылау жұмыстары) мазасыздық байқалады,

бірақ ол тұрақты емес. Ол оқушымен жеке жұмыстар атқарылды, ата-анасымен де сөйлесілді. Бірақ қыркүйектің аяғында анасы оқушыны алып кетті.

7- сынып оқушыларнан пәнге деген қызығушылығын анықтау мақсатында «Резапкин әдісі» өткізілді.


7 «А» пәнге деген қызығушылығын анықтау

- ▶ сауалнамаға 17-оқушы қатысты
- ▶ 7-оқушы физика-математика, 4-оқушы химия-биология,
- ▶ 3-оқушы тіл-әдебиет, 2-оқушы тарих, 1-оқушы география пәндеріне қызушылығы анықталды




7 «Ә» пәнге деген қызығушылығын анықтау

- ▶ сауалнамаға 17-оқушы қатысты
- ▶ 7-оқушы физика-математика, 6-оқушы химия-биология,
- ▶ 1-оқушы тіл-әдебиет, 1-оқушы тарих, 1-оқушы денешынықтыру пәндеріне қызушылығы анықталды
- ▶ 1-оқушының ешқандай пәнге қызығушылығы анықталмады.




Д. Рассел мен М. Фергюсонның субъективті жалғыздық сезімінің деңгейін диагностикалау әдістемесі 10-11 сыныптарымен сауалнама өткізілді.

10 «а» сыныбынан 18 оқушыдан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша 18 оқушының жалғыздық деңгейі төмен екені анықталды. Жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар болмады.



10 «ә» сыныбынан 19 оқушыдан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша 19 оқушының жалғыздық деңгейі төмен екені анықталды. Жоғары деңгейді көрсеткен оқушылар болмады.



11 «а» сыныбынан 18 оқушыдан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша 18 оқушының жалғыздық деңгейі төмен екені анықталды.



11 «ә» сыныбынан 18 оқушыдан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша 18 оқушының жалғыздық деңгейі төмен екені анықталды.



Қазан айында өткізілген іс-шаралар нәтижелері

7-8 сынып оқушыларынан сыныптың ішіндегі қарым-қатынасты анықтау мақсатында социометрия әдісі алынды

7 «а» сынып оқушылары бойынша:

Лидерлер –6 оқушы

II.Беделділер –4 оқушы

III. Қабылданған- 7 оқушы

IV.Қабылданбаған- ондай оқушы жоқ.

V.Оқшауланған – ондай оқушы жоқ.

7 «ә» сынып оқушылары бойынша:

Лидерлер –4 оқушы

II.Беделділер –6 оқушы

III. Қабылданған- 7 оқушы

IV.Қабылданбаған- ондай оқушы жоқ.

V.Оқшауланған – ондай оқушы жоқ.

8 «а » сынып оқушылары бойынша:

I.Лидерлер – 6 оқушы

II.Беделділер –4 оқушы

III. Қабылданған-8 оқушы

IV.Қабылданбаған- ондай оқушы жоқ.

V.Оқшауланған – ондай оқушы жоқ.

8 «ә » сынып оқушылары бойынша:

I.Лидерлер – 6 оқушы

II.Беделділер –5 оқушы

III. Қабылданған-7 оқушы

IV.Қабылданбаған- ондай оқушы жоқ.

V.Оқшауланған – ондай оқушы жоқ.

8 «б » сынып оқушылары бойынша:

I.Лидерлер – 4 оқушы

II.Беделділер –9 оқушы

III. Қабылданған-4 оқушы

IV.Қабылданбаған- ондай оқушы жоқ.

V.Оқшауланған – ондай оқушы жоқ.

9-10 сынып оқушылармен буллинг (қорлау, мазақтау, зорлық көрсету) ұғымын түсіндіру мақсатында «Буллингтен қорған» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.



7-8 сынып оқушыларымен интернетті тиімді және қауіпсіз пайдалану дағдыларын қалыптастыру, интернетке тәуелділіктің зиянды әсерлерін түсіндіру және алдын алу жолдарын көрсету мақсатында «Мен және интернет. Интернетке тәуелділікті алдын алу» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.



10-сынып оқушыларымен достық, қамқорлық және сүйіспеншілік сезімін арттыру мақсатында тренинг «Жүректен жүрекке» тақырыбында өткізілді.



Қараша айы бойынша өткізілген іс-шаралар:

8-сынып оқушыларынан зейіннің таңдамалығын анықтау мақсатында мюнстенберг сауалнамасы өткізілді.

8 «а» сыныбынан 18 оқушыдан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша 15 оқушы жоғары деңгейді, 3 оқушы орташа деңгейді көрсетті. Төмен деңгейлі оқушылар сауалнама бойынша болмады.



8 «ә» сыныбынан 18 оқушыдан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша 16 оқушы жоғары нәтижені, 2 оқушы орташа нәтижені, төмен деңгейде 0 көрсетті.




8 «б» сыныбынан 17 оқушыдан сауалнама алынды. Сауалнама нәтижесі бойынша 16 оқушы жоғары деңгейді, 1 оқушы орташа деңгейді, 0 оқушы төмен деңгейді көрсетті.




7-11 сынып оқушыларынан анонимді түрде Дэн Олвейстің буллингке байланысты диагностикасы өткізілді.

Сауалнамаға 207 оқушы қатысты. Тікелей белсенді қорқыту төмен деңгейде 207 оқушы көрсетті. Жанама белсенді қорқыту төмен деңгейді 207 оқушы көрсетті. Тікелей пассивті қорқыту 207 оқушы төмен деңгейді көрсетті. Жоғары және орташа деңгейде оқушылар болмады.




ҰБТ қорытынды сынақтар кезінде баланың тұрақтылығын сақтау бойынша 11-сынып ата-аналарына кеңестер.




9-сынып оқушыларымен өз бойындағы мықты жақтарын анықтау мақсатында «Ең таңдаулы» тақырыбында тренинг жүргізілді.




9-11 сынып оқушыларынан мазасыздық деңгейін анықтау мақсатында «Ч.С.Спилбергердің әдістемесі» жүргізілді.



9 «а» сыныбында сауалнама бойынша 15 оқушы төмен деңгейді, 1 оқушы орташа деңгейді көрсетті. 9 «ә» сыныбы сауалнама бойынша 15 оқушы төмен деңгейді көрсетті, 1 оқушы орташа деңгейді көрсетті. 9 «б» сыныбында сауалнама бойынша 16 оқушы төмен деңгейді, 2 оқушы орташа деңгейді көрсетті.



10 «а» сыныбынан сауалнама бойынша 16 оқушы төмен деңгейді, 1 оқушы орташа деңгейді көрсетті. 10 «ә» сыныбы 17 оқушы төмен деңгейді, 1 оқушы орташа деңгейді көрсетті.



11 «а» сыныбында сауалнама бойынша 16 оқушы төмен деңгейді, 1 оқушы орташа деңгейді көрсетті. 11 «ә» сыныбы 16 оқушы төмен деңгейді, 2 оқушы орташа деңгейді көрсетті.

9- сынып оқушыларының ата –аналарымен «Адам өз өмірінің суретшісі» тақырыбында тренинг жүргізілді.



8-сынып оқушыларымен оқушыларды жақсылыққа, мейірімділікке баулу мақсатында «Біз мейірімді балалармыз» тақырыбында тренинг өткізілді.



Желтоқсан айы бойынша өткізілген іс-шаралар:

11-сынып оқушыларымен мамандық таңдауға байланысты « Менің мамандығым менің болашағым» атты дөңгелек үстел өткізілді.




7-11 сынып оқушыларынан Кэрлол Рифф әл-ауқатын анықтау мақсатын диагностика өткізілді.


7 «а», «ә» сыныптарының сауалнамасы бойынша 34 оқушы жоғары деңгейдегі әл-ауқатты көрсетті.




8 «а», «ә», «б» сыныптарының сауалнамасы бойынша 53 оқушы жоғары деңгейдегі әл-ауқатты көрсетті.




9 « а», «ә», «б» сыныптарының сауалнамасы бойынша 52 оқушы жоғары деңгейдегі әл-ауқатты көрсетті.



10 «а», «ә» сыныптарының сауалнамасы бойынша 35 оқушы жоғары деңгейдегі әл-ауқатты көрсетті.



11 «а», «ә» сыныптарының сауалнамасы бойынша 36 оқушы жоғары деңгейдегі әл-ауқатты көрсетті.



2 тоқсандық қорытынды жиналысында ата-аналармен «Эмоция және оны білдіру жолдары» тақырыбында тренинг жүргізілді.



Қаңтар айында бойынша өткізілген іс-шаралар:

Зиянды әдеттерден аулақ болу және қаншалықты зиян екенін түсіндіру мақсатында 9- сынып оқушыларымен «Зиянды әдеттерден аулақ бол» дәрісі өткізілді.



Оқушылардың өзіне деген сенімділігін арттыру мақсатын 11-сынып оқушыларымен «Сенім менің күшім» атты тренинг өткізілді.




Ақпан айы бойынша өткізілген іс-шаралар:

Эмоцияны басқара алу және білдіре алу мақсатында мұғалімдермен «Эмоция және оны білдіру жолдары» атты тренинг өткізілді.



Өмірге төзімділік деңгейін анықтау мақсатында (С.Мәдди Д.Леонтьевтың диагностикасы) «ӨМІРГЕ ТӨЗІМДІЛІК» САУАЛНАМАСЫ өткізілді. Сауалнамаға 189 оқушы қатысты. 15 оқушы болмады. 178 оқушы жоғары өмірге төзімділік деңгейін көрсетсе, 11 оқушы орташа деңгейді көрсетті. Төмен деңгейді көрсеткен оқушы болған жоқ.



Наурыз айы бойынша өткізілген іс-шаралар:

Ата-ананың қадірін түсіндіру мақсатында 11-сынып оқушыларымен «Ананың қадірі» атты психологиялық кеш ұйымдастырылды.




Арман мен мақсаттың айырмашылығын түсіндіру мақсатын 9-сыныптармен «Болашағым өз қолымда» атты тренинг өткізілді.



Сәуір айы бойынша өткізілген іс-шаралар:

Кәсіби күйіп кетудің алдын алу мақсатында мұғалімдермен тренинг өткізілді.



Қаржылық сауаттылықты үйрету мақсатында 10- сынып оқушыларымен дәріс.



Мамыр айы бойынша өткізілген іс-шаралар:

7-11 сынып аралығындағы оқушылармен Дэн Олвеустің «буллинг» сауалнамасы өткізілді.

Сауалнама 7- 11 сынып оқушыларынан алынды. Анонимді түрде 177 оқушыдан алынды. Сауалнама кезінде еш қиындық болмады, оқушылар еркін жауап берді.

177 оқушының ортақ көрсеткіші 0-1 ұпайдың аралығын көрсетті. 177 оқушының орташа көрсеткіші тікелей белсенді қорқыту 1-ұпай. 177 оқушының орташа көрсеткіші жанама белсенді қорқыту 0-ұпай. 177 оқушының орташа тікелей пассивті белсенді қорқыту 1-ұпай.

Қорытынды: 177 оқушының сауалнамасының жауабы бойынша қорлау таралуы 100% төмен деңгейді көрсетті.



Психологиялық ахуалын жақсарту мақсатында 7-сынып оқушыларымен «Түрлі түсті бояулар әлемі» арт терапия.



Қорытынды

2025–2026 оқу жылы барысында білім алушылардың психологиялық жағдайын бақылау, диагностика жүргізу, түзету-дамыту жұмыстары, кеңес беру және психологиялық ағарту бағытында жұмыстар атқарылды.

Жыл бойы оқушылардың мектепке бейімделуі, эмоционалдық жағдайы, қарым-қатынас мәдениеті, оқу мотивациясы және жеке тұлғалық даму ерекшеліктері зерттелді. Диагностикалық жұмыстар нәтижесінде кейбір білім алушыларда мазасыздық, өзіне сенімсіздік, қарым-қатынаста қиындықтар және оқу мотивациясының төмендігі байқалды. Аталған оқушылармен жеке және топтық түзету жұмыстары ұйымдастырылды. Бастауыш сынып оқушылары арасында мектепке бейімделу деңгейі жалпы қанағаттанарлық деп анықталды. Орта буын оқушылары арасында эмоционалдық тұрақсыздық пен жас ерекшелік дағдарысына байланысты қиындықтар кездесті. Жоғары сынып оқушылары арасында мамандық таңдауға қатысты алаңдаушылық пен емтихан алдындағы қобалжу белгілері байқалды. Ата-аналармен және педагогтермен психологиялық кеңестер, тренингтер, семинарлар өткізілді. Мұғалімдерге оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік көмек берілді. Жалпы алғанда, психологиялық қызмет жұмысы білім алушылардың психологиялық саулығын қолдауға, қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыруға және тұлғалық дамуына оң әсерін тигізді.

Ұсыныстар

Оқушыларға:

- Өзін-өзі дамытуға және мақсат қоя білуге дағдылану;
- Эмоцияны дұрыс басқару және қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру;
- Қиын жағдайда көмек сұраудан қорықпау;
- Күн тәртібін сақтау және демалыс уақытын тиімді ұйымдастыру.

Ата-аналарға:

- Баланың эмоционалдық жағдайына көңіл бөлу;
- Баламен ашық әрі сенімді қарым-қатынас орнату;
- Оқу жетістігін ғана емес, баланың психологиялық саулығын да назарда ұстау;
- Баланың қызығушылығы мен қабілетін қолдау.

Педагогтерге:

- Оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- Сабақ барысында қолайлы психологиялық орта қалыптастыру;
- Оқушылардың жетістігін мадақтап, қолдау көрсету;
- Эмоционалдық күйзелістің алдын алу жұмыстарын жүргізу.

2025-2026 оқу жылындағы жетістіктер:

2025 жылдың Облыстық үздік психолог конкурсында **II-ДӘРЕЖЕЛІ** грамота

«Адалдық пен рухани кемелдік негізіндегі көшбашылық :«Адал азамат» тұжырымдамасы мен Абайдың «Толық адам» іліміне сүйене отырып , жаңа қазақстандық элитаны қалыптастыру» тақырыбындағы ғылыми- практикалық облыстық **семинарда тәжірибе таратқан үшін Сертификат**

2026 жылдың Республикалық үздік психолог конкурсында **III-дәрежелі диплом.**